# Әлеуметтік - психологиялық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.

XXI

XIX

Әлеуметтік психологияны зерттеу аймағы ретінде **XIX** ғасырдың аяғында пайда болғанымен өзіндік ұғымдық аппараты мен әдістері бар күрделі ғылыми пән ретінде **XX** ғасырдың ортасында ғана пайда болды.

XII

XVI

VI

XX

# Бүгінгі таңдағы әлеуметтік психологияның негізгі мәселелері -

| | |
|---|---|
| 1 | Өзінің теориялық іргетасын орнықтыру |
| 2 | Жаңаша зерттеу әдістерін жасау |
| 3 | Жеке адамды әлеуметтік психологиялық зерттеу |
| 4 | Адамдардың өзара қарым қатынастарын айқындау |
| 5 | Үлкен және шағын топтырдың дамуы мен қызмет етуінің ерекшеліктерін зерттеу |

# Бақылау әдісі

**Әлеуметтік психологияда негізгі іздестірілетін сұрақтардың бірі-қалай бақылау керек? Бақылаған кезде не нәрсеге қөңіл бөлінеді?**

Әлеуметтік- психологиялық зерттеулерде бақылау бірлігі зерттеу затына байланысты нақты түрде шешіледі. Екінші бір маңызды жағдай-бақыланатын жағдайдың уақыт аралығы, бақылау бірліктерін бөліп алудың (уақыты бойынша) көптеген жолдары болганымен , бұл мәселе аяғына дейін шешілмеген. Бұл әдіс оншалықты қарапайым болғандықтан әлеуметтік психологиялық зерттеулерде табысты түрде пайдаланыла бермеуі мүмкін.

# Сауалнама әдісі

Сұрау әдістері (сұрақ-жауап) көптеген әдістердің ішінде әлеуметтік психологияда ең көп таралғандары. Әсіресе үлкен топтады зерттеуде анкеталар (сауалнама) және интервью пайдаланылады. Осы әдісті қолданғанда негізгі әдіснамалық проблема- сұрақтарды дұрыс құрастыра білу өнеріне байланысты. 1 шарт –сұрақтарды құру логикасы (қисыны), ғылыми болжамға қажетті мәліметті алу және оның неғұрлым сенімді болуы.

# Эксперимент әдісі



**Эксперимент әдісі әлеуметтік психологияда негізгі зертеу әдістерінің бірі. Эксперименттің негізгі екі түрі бар: табиғи және лабораториялық. Екеуіне де ортақ жалпы ережелер:**

- **Эксперименттатордың тәуелсіз айнымалы шараларды енгізуі мен оны бақылауы және тәуелді шаралардыдың өзгеруін байқауы.**
- **Экспереметік және бақылау топтарын бөліп қарастыру шарты жатады.**



# Социометрия әдісі



Социометрия кіші топтардағы әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің жеткілікті дәрежеде танымал әдісі болып табылады. «Социометрия» термині латын тіліндегі: socius – дос, серіктес және metrum — өлшеу деген екі түбірдің қосындысынан құралған. Аталмыш термин XIX ғасырдың соңында бір топтың басқаларына деген ықпалын зерттеу үшін ағылшын әлеуметтанушысы мен психологы Джекобо (Якоб) Мореномен алғашқы рет қолданылады.

# » Қорытынды:



Әлеуметтік- психологиялық зерттеу жүргізу үшін , алдымен бағдарлама құру дұрыс. Әр бір нақты зерттеуде шешілетін міндеттер, зерттеу обьектісі, зертеу проблемасын тұжырымдау, қолданылатын ұғымдарды нақтылау және де пайдаланылатын барлық әдістерді анықтап алу қажет. Дұрыс құрылған бағдарлама негізінде ғана шын мәніндегі нәтиже алуға болады.